

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» РМК



## Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №3 (Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)

«6» мамырға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «5» мамыр күні 21 сағаттан «6» мамыр күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

*құрастырылған уақыты: 05.05.2022 ж.*

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1  
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	А.Тойшыманова	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	А. Молдағалиева	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Р. Яфязова	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «06» мамырға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

<b>Іле Алатау</b>	Аздаған жаңбыр (0,2-0,9 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 7-12 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 2-7 градус жылы.
<b>Күнгеі Алатау</b>	Кей уақытта жаңбыр (0,5-3,0 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 7-12 градус жылы.
<b>Теріскей Алатау</b>	Аздаған жаңбыр (0,2-0,9 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 8-13 градус жылы.
<b>Жетісу Алатау</b>	Аздаған жаңбыр (0,2-0,9 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 5-10 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 2-7 градус жылы.
<b>Қырғыз Алатау</b>	Кей жерлерде жаңбыр (түнде 1,0-3,0 мм, күндіз 5,0-7,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Жамбыл облысы)</b>	Кей жерлерде жаңбыр (түнде 1,0-3,0 мм, күндіз 5,0-7,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Түркістан облысы)</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (0,0-6,0 мм), найзағай, дауыл. Шығыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 10-15 градус жылы.
<b>Өгем жотасы</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (0,0-6,0 мм), найзағай, дауыл. Шығыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 15-20 градус жылы.
<b>Маңғыстау таулары</b>	Жаңбыр (1,0-14,0 мм), түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (15,0-17,0 мм), найзағай, бұршақ. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы.
<b>Сауыр</b>	Кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,9 мм). Шығыстан соғатын жел батысқа аусады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 13-18, кей жерлерде 5-10 граус жылы.
<b>Тарбағатай</b>	Кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,9 мм). Шығыстан соғатын жел батысқа аусады 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 21-26 градус жылы.
<b>Қазақстандық Алтай</b>	Жауын-шашынсыз. Шығыстан соғатын жел батысқа аусады 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, кей жерлерде 10, күндіз 18-23 градус жылы.

## 2022 жылғы 5 мамырдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің ауытқуы байқалды. Жекелеген өзендерде: Кіші Алматы өзенінде – Сарысу бекетінде деңгейдің 2 см-ге, Медеу бекетінде 5 см-ге, Алматы қаласында 5 см-ге, Батарейка өзенінде «Просвещенец» бекетінде 5 см-ге, Бұтақ өзені Бұтақ ауылында 3 см-ге, Проходная өзенінен 2 км-ге жоғары орналасқан бекет 3 см-ге, Құмбел өзенінің сағасында деңгейдің 5 см-ге, Проходная өзенінің сағасында 2 см-ге, Терісбұтақ өзені 2 см-ге, Қаскелең өзені – Қаскелең қаласында 2 см-ге, Түрген өзені – Таутүрген ауылында 8 см-ге, Талғар өзені–Талғар қаласында 6 см-ге су деңгейінің көтерілуі бақыланды. Үлкен Алматы көлінің (көлдің солтүстік жағалауында) су деңгейінің 16 см-ге көтерілуі бақыланды. температуралық фон 1-2 °С-қа жоғарылады. Ақжар өзенінде (Ақсай өз. саласында) су өтімі 1,5 м<sup>3</sup>/с шамасында сел қалыптасты.

### Кеңес беру

Күнгеі Алатауы Қырғызсай метеостанциясында (биіктігі 1272,6 м) сағат 14:00-де 40 мм жауын-шашын тіркелді, жауын-шашынның түсуі жалғасуда. Бұл Шарын өзенінде су тасқынының пайда болуына және оның салаларында кішігірім селдерге әкелуі мүмкін (6 мамырда 3 мм-ге дейінгі аздаған жауын-шашын және найзағай күтіледі).

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер  
2022 ж. " 05" мамырға**

№	Өзен	Пункт	Бийіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, Мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м3/с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлы лық
				Макс. 04.05.	Мин. 05.05.	08 ч 05.05.	Күн. 04.05	Түн. 05.05	Орт. 04.05.	08 с 05.05.	Орт. 04.05.	Макс. 04.05.	08 ч 05.05.		
1	К. Алматы	М Мынжилки	3017	8.2	1.5			23							
2	К. Алматы	ГБ Мынжилки**	3017												
3	К. Алматы	ГБ А. Туюксу	2466			6.0			603	603				0	
4	К. Алматы	М Шымбулак	2200	15.0	6.9		15	9.6							
5	К. Алматы	ГБ Сарысай	1928			10.0			250	252	0.48	0.57	0.57	+2	
6	К. Алматы	ГБ Медеу	1700			11.0	31	11	102	107				+5	
7	Батарейка	ГБ Просвещенец	1569			11.0			53	57				+4	
8	К. Алматы	ГБ Алматы қ.	1179			13.0		28	190	194	2.39	3.07	3.07	+5	
9	Бутак	ГБ Бутак	1475			13.0		20	249	251				+3	
10	У. Алматы	ГБ 1,1 км к. жоғары	2654			4.0			299	298	1.14	1.41	0.88	0	
11	У. Алматы	ГБ Проходной ө. с. жоғары	1471			6.0			267	268				+3	
12	Кумбель	ГБ Устье	2150			7.0		18	66	69				+5	
13	Проходная	ГБ Устье	1422			10.0			273	273	1.12	1.23	1.16	+2	
14	Терисбутак	ГБ Устье	1362			9.0		10	204	205	0.71	0.75	0.75	+2	
15	Каскелен	ГБ Каскелен	1133			13.0		22	275	276	4.41	4.64	4.64	+2	
16	Турген	ГБ Таугурген	1054			12.0		12	110	119	9.8	14.23	14.23	+8	
17	Есик	ГБ қ. Есик*	1279			12.0		4	162	160				-4	
18	Талгар	Талгар	1199			12.0		25	300	306				+6	
19	Улкен Алматы көлі	Көлдiң солтүстік жағалауында	2500	12.5	4.9		7.5	14.3	77	85				+16	

Ескертпе:

\* - деректер жоқ

\*\* - өзен қатып қалды

## Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

«6» мамыр 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
<b>Алматы</b>	<b>Іле Алатауы</b>	Орташа таулы аймағының негізгі бөлігі қар жамылғысынан босады. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орташа таулы аймақта топырақтың алдын-ала ылғалдануы критикалық мәнге жақын. Аздаған жаңбыр, найзағай күтіледі. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	<b>Күнгеі Алатауы</b>	
	<b>Теріскей Алатау</b>	
	<b>Жетісу Алатауы</b>	
<b>Жамбыл</b>	<b>Қырғыз Алатауы</b>	Орташа таулы аймағының негізгі бөлігі қар жамылғысынан босады. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. Кей жерлерде жауын, найзағай, бұршақ. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	<b>Талас Алатауы</b>	
<b>Түркістан</b>	<b>Талас Алатауы</b>	Өткінші жаңбыр, найзағай. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	<b>Өгем жотасы</b>	
<b>Маңғыстау</b>	<b>Маңғыстау таулары</b>	Жауын, түнде кей жерлерде қатты, найзағай, бұршақ. Жауын-шашынның қарқындылығы мен дақтарына байланысты селдің пайда болу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.
<b>Шығыс Қазақстан</b>	<b>Сауыр</b>	Орта таулы аймақта негізінен қар жамылғысынан босаған. Қар жамылғысының еруі жалғасады. Аз мөлшердегі жауын-шашын. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	<b>Тарбағатай</b>	Аз мөлшердегі жауын-шашын, найзағай. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
	Қазақстандық Алтай	Орташа таулы аймақта қар жамылғысы жоқ деуге болады. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашын күтілмейді. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.

\* Сел болжамы үшін қажетті ақпараттың шынайылығының артуына қарай кеңес берулер сел қауіптілігінің деңгейі туралы мәліметтерді қамтитын болжамдармен алмастырылады (Мысалы Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда өзін-өзі ұстау ережесін сақтау (6 Қосымша)

## Сел қауіптілігінің деңгейлері

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдығының жоғары болуы және негізінен таудан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілері үшін үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашын қарқындылығының олардың ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен болған кездегі жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы жоғары және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Сел пайда болу аймағындағы адамдар үшін қауіп</p>	<p>Сел қаупі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	

## **Сел қауіптілігінің белгілері және сел қауіптілігі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері**

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қаупінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қаупі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері**

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.